

Т. РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ338.45:625.7(574.54)

Колжазба құқығында

ЗУРБАЕВА АЛИЯ БИТУЛГАНОВНА

Автожол шаруашылығын басқару: проблемалары мен жетілдіру жолдары

«6D050700 – Менеджмент» мамандығыны бойынша

PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Э.Ф.Д., профессор
Т.С. Саткалиева

Ғылыми кеңесші
PhD докторы
Ян Чадил

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 АВТОЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ЭДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Көлік саласының ұлттық экономикадағы орны, мәні мен маңызы	8
1.2 Авто жол шаруашылығын басқарудың объективті қажеттілігі және ерекшеліктері	22
1.3 Көлік инфрақұрылымында авто жол шаруашылығын басқарудың шетел тәжірибесі	33
2 АВТОЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН БАСҚАРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ТАЛДАУ	
2.1 Қазақстан Республикасындағы авто жолдарын пайдалану жағдайы мен проблемалары	47
2.2 Қызылорда облысындағы өнірлік жол инфрақұрылымының дамуын бағалау	63
2.3 Қызылорда облысындағы авто жол желісін басқару ерекшеліктерін талдау	81
3 АВТОЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТИЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	
3.1 Қызылорда облысының жол шаруашылығын басқару түжірымдамасын әзірлеу	96
3.2 Авто жол шаруашылығын басқарудың нарықтық ортаға икемді әдістерін жетілдіру	114
ҚОРЫТЫНДЫ.....	126
КОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	129
ҚОСЫМША	137

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ФТП	– Фылыми-техникалық прогресс
ҒЗИ	– «Қазақ автожол ғылыми-зерттеу институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖАӨ	– Жалпы аймақтық өнім
ҚР КжКМ	– Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі
АКҚ	– Автокөлік құралдары
ЖКО	– Жол-көлік оқиғасы
КФЗИ	– Көліктің ғылыми-зерттеу институты
TRACECA	– Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia, Еуропа - Кавказ - Орталық Азия көлік дәліздерін дамыту бойынша Еуропалық одақ бағдарламасы
ҚНмЖЕ	– Құрылым нормалары мен жобалау ережелері
ҒЗТКЖ	– Ғылыми-зерттеу және тәжірибе конструкторлық жұмыс
СМЖ	– Сапа менеджент жүйесі
ЕО	– Еуропалық Одақ
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ЖАҚ	– Жабық акционерлік қоғам
ЖКЖАЖБ	– Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы
ЖЖМ	– Жанар-жағар май материалдары
АЖҚС	– Авто жанар май құю станциялары
АӨП	– Автомобиль өткізу пункті
ЕЭК	– Еуропа экономикалық комиссиясы
АТМӘӘК	– Азия және Тынық мұхитына арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
ЕврАЗЭО	– Евразиялық экономикалық одақ
КҚҚ	– Көлік-коммуникациялық кешені
ХКД	– Халықаралық көлік дәліздері
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
РФ	– Ресей Федерациясы
ЖҚҚ	– Жол көлік кешені
ӘДСҰ	– Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы
ІІМ	– Ишкі істер Министрлігі
КО	– Кедендейк одақ
ҰАААЖ	– Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы
ТҚҚК	– Тұрғындарға қызмет көрсетуші кәсіпорындар

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Көлік кешені Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында халықаралық, өнірараптың байланысты және ел экономикасының әлемдік жүйеге ықпалдасуын қамтамасыз ететін маңызды сала. Халық пен шаруашылықтың тасымалдау қажеттіліктерін қанагаттандыра отырып, қалалармен бірге мемлекет территориясының тірегін және де мемлекет инфрақұрылымының негізін, аймақтық еңбек бөлінісін құру мен дамытуда материалды-техникалық базаны құрайды.

Ел ішіндегі көлік жүйесін дамытпайынша, жаһандану жағдайларында Қазақстан экономикасын әлемдік жүйеге сәтті ықпалдастыру мүмкін емес.

Осы орайда, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» халыққа жолдауында «Сапалы заманауи магистральдарсыз дамыған ел болмайды», – деп көлік кешені және инфрақұрылымының дамуы ұзак мерзімді басымдылықтар ретінде әлемдік нарықта бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз етуді және Қазақстан Республикасының жол кешенін халықаралық дәрежеге жеткізу жөнінде маңызды міндет қойған болатын [1].

Сондықтан көлік саласын дамыту, тұтастай алғанда, көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамыту деңгейін арттыруға бағытталуы тиіс.

Автожол шаруашылығы және оның дамуы экономикалық көрсеткіштерге, жалпы ұлттық өнімге, баға деңгейіне, бюджет кірістеріне, жұмысбастылыққа тікелей әсер ететіні айқын. Осыған байланысты, жолдардың барлық талаптарға сәйкес болып, жоғары сапалы жолдар желісінің болуы, пайдаланушылардың және ұлттық экономика қажеттілігіне сай болуы мемлекет алдында тұрган ұзак мерзімді міндеттің шешілуін талап етеді.

Қазақстан Республикасының ауқымды территориясы, аймақтардың бір-бірінен алшақтығы, өндірістік күштердің орналасуы және оның шикізаттық құрылымы автожол шаруашылығының экономикадағы маңызды ролін айқындайды.

Автожол шаруашылығының даму деңгейін анықтау, оны бағалау белгілерінің аймақтық экономикаға әсер ету механизмін анықтауға байланысты кешенді теориялық және әдістемелік зерттеулердің әлі де жеткіліксіз деңгейде қамтылуы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі. Автожол шаруашылығының даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері, соның ішінде аймақтық басқару аспектілері келесідей ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты: С.Л.Голованенко, Б.Л.Геронимус, Л.В.Царфин, Ф.В.Бабков, В.А.Король, В.В.Ивченко, Л.Б.Миротин, Л.В.Фитисова, К.И.Плужников, М.В.Прокофьев және т.б.

Зерттеу тақырыбы аясында отандық ғалымдардың да теориялық қорытындалары мен нақты жағдайларды талдайтын еңбектері аса маңызды: С.С.Сатубалдин, К.Кажымурат, М.А.Сактаганов, В.И.Шпенст,

М.М.Бекмагамбетов, Б.М.Алдабергенов, А.З.Рахманов, Т.Б.Баяхметов, Л.П.Земнухова, Т.В.Бровкин, К.Нагманов, А.Ш.Бекмухамедов, Э.А.Туркебаев, А.К.Кошанов, Р.К.Сатова, А.А.Салимгерей, К.Ж.Даубаев, А.К.Калтайұлы.

Автожол шаруашылығын басқару күрделілігі, оның қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай біртұтас тұжырымдамасының болмауы, түсініктемелік-категориялық аппараттың үзіктілігі, автожол шаруашылығын тиімді басқару мәселесінің жоғары тәжірибелік маңыздылығы жұмыстың мақсатын тандалап, міндеттерін бекітті.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты - автожол шаруашылығын басқару жүйесін жетілдіру бойынша теориялық-әдістемелік тәсілдемелер мен ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу.

Аталмыш мақсатқа сәйкес жұмыста келесідей міндеттердің орындалуы алға қойылды:

- автожол шаруашылығын басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеу нәтижесінде оның маңызы мен мазмұнын және құраушы бөліктерін анықтау;

- автожол шаруашылығын басқару қағидаттары мен деңгейлік ерекшеліктерін анықтау;

- көлік инфрақұрылымында автожол шаруашылығын басқарудың шетелдік тәжірибесін зерттеу;

- автожол шаруашылығының қазіргі жағдайы мен басқару проблемаларын сараптау;

- Қызылорда облысындағы өнірлік жол инфрақұрылымының дамуын бағалау;

- Қызылорда облысының автожол шаруашылығының басқару тұжырымдамасын әзірлеу;

- автожол шаруашылығын басқарудың нарықтық экономикаға икемді әдістерін жетілдіру;

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасы көлік кешеніндегі Қызылорда облыстық автожол шаруашылығын басқару жүйесі.

Зерттеу пәні – автожол шаруашылығының басқару жүйесіндегі ұйымдастырушылық-экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастар.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі – Қазақстан Республикасының нормативті-заннамалық актілері, «Қазақстан-2050» даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған бағдарлама, Қызылорда облысының ЖКЖАЖБ 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, мемлекеттік статистика агенттігінің және ЖКЖАЖБ материалдары, автожол және көлік мәселелері бойынша, халықаралық конференциялар материалдары. Осыдан басқа автожол саласының мәселелері бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері қолданылды. Зерттеуде жүйелік талдау, құрылымдық талдау, статистикалық талдау, салыстырмалы

талдау, саулнама қолданылды.

Зерттеудің акпараттық базасы – заннамалық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары, жетекші экономистердің – теоретиктер мен тәжірибешілердің еңбектері, монографиялық зерттеулер, алыс және жақын шетел басылымдарындағы ғылыми және тәжірибелік мақалалар, сонымен қатар ізденушінің диссертациялық жұмыста алғынған экономикалық нәтижелері болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік жаңалығы:

- авожол шаруашылығын басқарудың теориялық-әдістемелік негіздерін зерттеу нәтижесінде автожол шаруашылығының көлік инфрақұрылымын дамытудағы маңызды ролі анықталып, объективті басқару қажеттілігі, «жол инфрақұрылымы» анықтамасы нақтыланып, негізделді;

- респубикалық, өнірлік, аудандық сипаттағы автожолдарды басқару ерекшеліктері зерттеліп, авторлық тұжырымдамалар бекітілді;

- қоғамның мүддесінде көлік кешені инфрақұрылымын дамытуда тараптардың әрқайсысының ресурстары мен тәжірибесін біріктіру арқылы, экономикалық субъектілерге жоғары сапалы қызметтерді көрсету жағдайында шығындар мен тәуекелдерді барынша төмендету мақсатында мемлекеттік-жеке әріптестікті іске асыру бойынша ұсыныстар әзірленді;

- жол шаруашылығының негізгі мақроэкономикалық көрсеткіштерінің жол инфрақұрылымы даму деңгейіне әсері негізделді және жол инфрақұрылымын бағалауды жетілдіру бойынша әдістемелік тұрғыдан ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар:

- Қазақстанда автожол шаруашылығын басқарудың теориялық әдістемелік тұжырымдамаларын зерттеу нәтижесінде «жол инфрақұрылымына» авторлық анықтама нақтыланды;

- Қызылорда облысында жол шаруашылығын басқару тұжырымдамасы негізінде аймақтық деңгейде автожол саласын басқаруды жүзеге асыру механизмі ұсынылды;

- Қызылорда облысында автожол шаруашылығын басқаруды дамытудың тиімді нысаны ретінде мемлекеттік-жеке әріптестік механизмінің үлгісі әзірленді;

- технико-экономикалық көрсеткіштердің қоданылуы негізінде жол инфрақұрылымының даму деңгейін бағалауға әдістемелік тәсіл ұсынылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми және тәжірибелік мәні. Диссертацияда алғынған ғылыми нәтижелер өнірлік автожол шаруашылығын басқару ды жетілдіру бойынша теориялық-тәжірибелік маңызға ие.

Диссертацияның тәжірибелік мәні автожол шаруашылығын басқару жүйесінің дамуын сипаттайтын қорытындылар мен ережелер, сонымен бірге көрсетілген нақты мәліметтер оқу үрдісінде тек студенттер, магистранттар үшін ғана емес, сонымен қатар шаруашылық қызметтің кәсіби қатысуышылары үшін де пайдаланылу мүмкіндіктеріне негізделеді.

Жұмыстың негізгі нәтижелерінің қолданылуы. Жұмыстың негізгі нәтижелері, Қазақстан экономикасының тұрақты даму мәселелері мен

алғышарттарына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып талқыланған. Диссертация материалдары келесідей баяндамаларда мазмұндалды: Екінші Рысқұлов оқулары: халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының материалдары (Алматы, 12-18 мамыр 2007), «Үшінші Рысқұлов оқулары» атты халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы (Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, Алматы, 19-24 мамыр 2008ж.), «Ақпараттық инновациялық парадигмасының қалыптасуы жағдайындағы Қазақстанның қоғамдық ғылымдары» атты ҚР ҰҒА академигі А.К.Кошановтың туғанына 75 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференциясы (Алматы, қазан 2009ж.), «Бесінші Рысқұлов оқулары» халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы (Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, Алматы, 25-27 мамыр 2010 ж.), «Алтыншы Рысқұлов оқулары» халықаралық ғылыми форумы (Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ Алматы, 2012ж.), жалпы ресейлік ғылыми-тәжірибелік конференция «Инновационная экономика России: проблемы и пути решения» (РФ, Владивосток қ., 10 қараша 2012 ж.), профессор К.Б Бердалиевтің 80-жылдық мерей тойына арналған «Қазақстанда басқарудың заманауи парадигмалары» атты ғылыми теориялық конференциясы (Алматы, 2013 ж.); «Современные подходы к формированию концепции экономического роста: теория и практика» атты XX ғылыми-тәжірибелік конференциясы (РФ, Санкт-Петербург қ.)

Зерттеу нәтижелерінің жүзеге асырылуы. Зерттеу нәтижелері Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің студенттері үшін «Менеджмент», «Қазақстан экономикасын аймақтық басқару» пәндері негізінде оқу үрдісінде пайдаланылады. Автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері Қызылорда облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен «Дорстрой» ЖШС-ның қызметтерінде қолданылған және енгізілген.

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша жалпы көлемі 4,16 баспа табақ болатын 14 мақала баспаға шығарылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста барлығы 25 кесте, 17 сурет және 8 формула бар.